


Қазіргі уақытта шельфте көмірсутектер ресурстарын меңгеру жұмыстарын 120-дан астам мемлекет жүргізуде. Теңіз және мұхит шельфтерінде 2000 мұнай және газ кен орындары ашылған, олардың басым көпшілігін ірі және аса ірі – алып кен орындарына жатқызуға болады. (2-сурет)



**2 -сурет.** Әлемде мұнай және газ теңіз кен орындары (Ресейсіз)

1 – Ұңғымалардың аз санымен өндіру; 2 – Кәсіптік өндіру зоналары; 3– Өндірудің перспективті аймақтары (аудандары)

Әлем мұхитындағы шельфте мұнай мен газға өте бай болып келетін Парсы (Жалпы Әлем қорының жартысынан астамы) шығанағы және Мексика, Гвиней шығанақтары, Оңтүстік Шығыс Азия теңіздері, Бофорт және Солтүстік теңіздері, Маракайбо маңы (Венесуэла). Әлемдегі шельфтегі мұнай мен газдың ең көп қорлары осыларға тиесілі.

Әлемде мұнайы мен газы қоры ең көп кен орындары ашылған. Оларға – Саффания (Сауд Арабиясы) қоры – 5 млрд. т болып бағаланады, жылдық шығымы 75.5 млн. т.; Маракайбо лагунасы қоры – 7 млрд. т.; Норз Даум (Катар) жалпы газ қоры – 71 трл. м<sup>3</sup>. тең.

Қазіргі уақытта үлкен қарқынмен Кариб теңізі, Мексика шығанағы, Сауд Арабиясы және Кувейт жағалаулары, Солтүстік және Норвегия теңіздері, Аляска шельфінде, сонымен қатар басқа да теңіз акваторияларында мұнай газ қорлары көптеп игерілуде.